

## «Айгөлек» шағын орталығында консультациялық пункт ұйымдастыру туралы

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарымен жұмысты ұйымдастыру бойынша консультациялық пункттерге арналған 2024 жылғы нұсқаулықтың талаптарын орындау мақсатында 2025-2026 оқу жылы «Айгөлек» шағын орталығында шағын орталықпен қамтылмаған балаларға және олардың ата-аналарына арналған консультативтік пункт құрылды.

Бізде барлық мәселелер бойынша ата-аналардың педагогикалық білім беру мен тәрбиенің мектепке бармаған балаларға көмек ұйымдастырылады және консультация беріледі.

Мақсаты: шағын орталықпен қамтылмаған мектеп жасына дейінгі баланың жан-жақты дамуы бойынша ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету, балаларды әлеуметтендіруге ықпал ету, өзара психологиялық-педагогикалық қарым-қатынас тиімділігін қамтамасыз етуге көмек жасау.

Консультациялық пункттің мамандары қалай көмектеседі?

-ата-аналарға және балаларға мектепке дайындалуға және бейімделуге көмек көрсету;

-баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, сауатты бағалап, дамыту нормаларына көмектеседі;

-балаларды тәрбиелеу мен оқытудың мәселелері бойынша кеңеседі және басқа да көптеген мәселелер;

Мектепке дейінгі ұйым баланың алғашқы қоғамдық ортамен танысу, тәрбие мен білім алу жолындағы ең маңызды сатысы болып табылады. Бұл жерде бала ағаш рет тәртіпке үйреніп, ұжымда әрекет етуге дағдыланады. Жан-жақты дамуына мүмкіндік алады. Баланың адамгершілік, мәдени ұлттық тәрбиесі қалыптасады осыған орай Аққұдық орта мектебінің жанындағы «Айгөлек» шағын орталығында консультациялық пункт жоспарына сай балабақшамен қамтылмаған ата-аналармен «Балабақшаның бала тәрбиесіндегі орны» атты экскурсия ұйымдастырылды. Экскурсия барысында ата-аналар мен балалар шағын орталықтың тыныс тіршілігімен танысты. Балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасайтын тәрбие мен оқыту кеңістігі-дамытушы ортамен танысты. Ата-аналармен түсіндірме жұмыстары жүргізілді.







Мобильді кітапхана

